

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы « 31 » қаңтардағы
№ 64 қаулысына
3-қосымша

2021 – 2025 жылдарға арналған
кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі
ұлттық жоба шеңберінде өндірістік
(индустриялық) инфрақұрылым
жеткізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды
қаржыландыруға өтініш**

(бұдан әрі – кәсіпкер) (занды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны,
атауы; дара кәсіпкердің аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі,
паспорттық деректері)

(занды тұлғаның орналасқан жері, пошталық мекенжайы;
дара кәсіпкердің тұрғылықты жері)

(жобаны іске асыру орны)

(қала (аудан) коды көрсетілген байланыс телефонының нөмірі,
электрондық пошта мекенжайы)

(банктік деректемелері)

(қызметтің бейіндік бағытын көрсету)

(экономика саласын, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы
жіктеуішін (ЭҚЖЖ) көрсету)

(ұйым басшысы (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы,
байланыс телефоны)

(жобаның жауапты орындаушысы (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі,
лауазымы, байланыс телефоны)

қажетті ақша қаражаты (меншікті қаражаты, қарыз қаражаты)

инфрақұрылымды жеткізу немесе жақсарту қажеттілігінің негіздемесі.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба (бұдан әрі – ұлттық жоба) шеңберінде жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыруға конкурстық іріктеуге қатысатыны туралы мәлімдейді. Кәсіпкер конкурс шарттарымен танысты және Ұлттық жоба шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды жеткізу қағидаларына сәйкес қажетті құжаттарды бекітеді.

Қолы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

Өтініштің № «__» _____ 20__ жыл «__» сағат «__» мин

Мен өзім ұсынған мәліметтердің дұрыс екенін растаймын және ӨҮК мәліметтерін тексеруге қарсы емеспін. Кәсіпкер осы өтінімге қол қоя отырып, мыналарды мәлімдейді және оларға кепілдік береді:

1. Барлық деректер, ақпарат және құжаттама анық және төменде көрсетілген күнге толық сәйкес келеді.

2. Кәсіпкерге жалған, толық емес және (немесе) анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық туралы ескертілді.

3. Кәсіпкер кәсіпкердің жарғылық құзыреті осы өтінішке қол қоятын адамға осы өтінішті беруге мүмкіндік беретінін растайды.

4. Көрсетілген деректер мен ақпараттың анық емес екені анықталған жағдайда, көрсетілген деректердің анық емес екенін растайтын мәліметтер анықталған кез келген кезеңде осы өтінімді қабылдаудан бас тартылуы мүмкін екендігімен келісемін.

Кәсіпкер осымен:

1. Өңірлік үйлестіруші осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және кәсіпкер ұсынған құжаттарды мүдделі үшінші тұлғаларға (ұлттық жоба шеңберінде ақпарат алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген), сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органдарға, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына ұсынуға құқылы екендігіне келісім береді.

2. Осы өтінімде қамтылған барлық мәліметтер, сондай-ақ барлық талап етілген құжаттар ұлттық жоба шеңберінде жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыру үшін ғана ұсынылған.

3. Ұлттық жоба шеңберінде жетіспейтін өндірістік (индустриялық)

инфрақұрылым қаржыландырылған жағдайда ақпаратқа, оның ішінде коммерциялық және банктік құпияларды құрайтын ақпаратқа, сондай-ақ бастапқы статистикалық деректерге қол жеткізуді ұсынады.

4. Жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды жеткізу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы мәселені қарау тәртібімен танысқанымды және келісетінімді растаймын.

Басшы (дара кәсіпкер (қолы) (қолын таратып жазу)
